Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 98-99

БУРАБАЙ МҰТП АЙМАҒЫНДА ОРМАНДАРДЫ КҮТУ ҮШІН КЕСУ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аманжолов А.

Орманды күту үшін жүргізілетін кесулер өнімділігі жоғары шаруашылық құндылығы бар алқаағаштардың қалыптасуына, олардың пайдалы функцияларын арттыруға және сүректі дер кезінде пайдалануға бағытталған негізгі орман шаруашылық шаралардың бірі болып табылады.

Басты пайдалануға тыйым салынған алқаағаштарда күтіп-баптау кесулері үнемі жүргізіледі, себебі олар сүрекдіңнің төзімділігін арттыруға бағытталған.

Күтіп баптау кесулерінің негізгі міндеті:

- алқаағаштардың тұқымдық құрамын жақсарту;
- алқаағаштардың сапасы мен төзімділігін арттыру;
- орманның қорғаныштық, су қорғау, санитарлық-гигиеналық және басқада пайдалы қасиеттірн сақтап қалу және арттыру;
- сүректі пайдалану көлемін көбейту және сүректің пісу мерзімін қысқарту.

Орман өсу ауданы бойынша Щучье-Бурабай аймағының Көкшетау таулы қыраттары «Көкшетау-Моншақты таулы тасты ұсақ шоқыларының далалы қарағай» ауданына жатады. Қарағай ормандарының табиғи жаңғырудың жолын анықтаушы негізгі факторлар ретінде алқаағаштардың қалыптасуы және өсуі, олардың өнімділігі және ылғал болып табылады. Ұсақ шоқылы аудан жағдайында ылғал өте жеткіліксіз.

Шаруашылық жүргізудің жеткіліксіз жағдайлары және қатаң орман өсу жағдайында соңғы жылдары саябақ территориясында шаруашылық жағынан құндылығы төмен жұмсақ жапырақты ағаштардың кең көлемде дамуы орын алған.

Бурабай МҰТП жағдайында күту үшін кесулер толығымен болмаса да, уақытылы жүргізіліп түрады (жыл сайынғы орындалу мөлшері 70-80пайыз), ал басты мақсатта кесу шараларына тиым салынған. Табиғи жаңғырудың болуы биологиялық тұрақтылықты сақтап тұру үшін және болашақта әртүрлі жастағы алқаағаштың құрылуы үшін өте қажет. Пісіп жетілуге жақын және қартайған алқаағаштардың орман астарындағы жаңғырудың болуы басты ағаштардың өскіндерімен қамтылмағанын көрсетеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, шаруашылық іс-әрекеттерді орман астарындағы орман жаңғыруын қамтамасыз етуге жұмсалуы тиіс, бірінші кезекте әрине қылқанды ағаштардың өскіндерімен.

Өздерінің еңбектерінде А.А.Макаренко және Б.М.Мұқанов (2002) орта жастағы алқаағашта сирету әлсіз болса да, орта және жоғары сатыларда өнімнің ұлғайуы күтім жүргізілгеннен кейін алғашқы жылы ақ жүретінін көрсеткен, бірақ салыстырылған ағаштардың өсімдерінің ауытқуы мейлінше бір-бірінен алшақ. Сиретілген учаскелерде өсімнің жоғарылауы 5-7 жыл шамасында

сақталады, ал содан кейін төмендеей бастайды, 10-15 жылдың ішінде алғашқы қалпына қайтып келеді. Сондықтан диаметрі бойынша өсімді жоғарылауын ұзақ уақыт сақтап тұру үшін,егер олардың алғашқы сирету қарқындылығы қоры бойынша 18-30 пайыз шамасында болса күту үшін кесу учаскесінде оларды қайтадан табиғи қарағай алқаағаштарында сирету жүргізілгеннен кейін 10-15 жылдың ішінде жобалау қажет,

Жоғарыда айтып өткендерді қортындыласақ, күту үшін кесу шараларының барлық зерттеу нәтижелеріндеолардың өнімділігіне жағымды әсер ететіні анықталды және күту үшін кесу шарасын уақытында жүргізу қажеттілігін көресетеді.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы, а.ш.ғ.к., Ж.Т.Боранбай